

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 74 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 42-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 223 қаулысы

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы әкімдігінің 20.12.2023 № 223 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Абай облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, 1-тармақта туындаған құқықтық қатынастар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

Абай облысы әкімдігі
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 74 қаулысына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Аймақтың атауы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері				
	Елді мекен	Тәрбиеле-нушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)		
			10,5 сағат-тық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталық-тар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары
Абай ауданы	ауыл	675	52 854	-	-
Аксуат ауданы	ауыл	661	52 507	-	-
Аягөз ауданы	ауыл	100	52 507	-	-
	қала	1 962	47 936	-	-
Бесқарағай ауданы	ауыл	150	52 854	-	-
Бородулиха ауданы	ауыл	627	52 680	-	-
Жарма ауданы	ауыл	850	52 680	-	-
Көкпекті ауданы	ауыл	550	52 507	-	-
Курчатов қаласы	қала	485	47 936	-	-
Семей қаласы	қала	11 174	47 936	-	85 505
Үржар ауданы	ауыл	428	-	48 290	-

Қаулысына
2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)		
	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері		
	Тәрбиеленушілер саны	Балабақша / бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)
Абай ауданы	794	6 000/ 10 000	5 000/6 000
Аксуат ауданы	748	15 400/ 16 500	8 000/13 000
Аягөз ауданы	2 574	16 000/ 17 000	16 000/ 17 000
Бесқарағай ауданы	240	11 000/11 000	11 000/11 000
Бородулиха ауданы	974	11 565/ 14 650	11 565/ 14 650
Жарма ауданы	1 194	12 000/ 14 000	7 000/ 8000
Көкпекті ауданы	245	14 500/ 14 500	14 500/ 14 500
Курчатов қаласы	425	13 000/ 13 000	12 000/ 13 000
Семей қаласы	10 829	16 500/18 500	16 500/18 500
Үржар ауданы	1 478	7000/14000	7 000/14 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК